**Қазақстанда үшінші мыңжылдықты салтанатты қарсы алуға дайындалу мен өткізу жөніндегі 2000 жылға арналған іс-шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 21 қаңтар N 109

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның үшінші мыңжылдықты қарсы алуға дайындалуы мен өткізуі туралы" 1999 жылғы 15 ақпандағы N 36 U990036_ Жарлығын іске асыру және Қазақстанда үшінші мыңжылдықты салтанатты қарсы алуға дайындалу жөніндегі 1999 жылы басталған жұмыстарды жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстанда үшінші мыңжылдықты салтанатты қарсы алуға дайындалу мен өткізу жөніндегі 2000 жылға арналған негізгі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері, орталық атқарушы органдар Қазақстанда үшінші мыңжылдықты салтанатты қарсы алуға дайындалу мен өткізу жөніндегі комиссиялардың жұмыс жоспарына тиісті өзгерістер енгізсін.

3. Қазақстанда үшінші мыңжылдықты салтанатты қарсы алуға дайындалу мен өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2000 жылға арналған мемлекеттік бюджетте бағдарламалардың атқарылуына жауапты тиісті әкімшілерге көзделген қаражаттың есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. "Қазақстанда үшінші мыңжылдықты салтанатты қарсы алуға дайындалу

мен өткізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 345

P 9 9 0 3 4 5 _

қаулысына (Қазақстан Республикасы ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 11, 107-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақтың үшінші абзацы "1999 жылға арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстанда үшінші мыңжылдықты қарсы алуға дайындалу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың жоспарында:

тақырыбы "1999 жылға арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 39-жол алынып тасталсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 21 қаңтардағы
N 109 қаулысымен бекітілген

Қазақстанда үшінші мыңжылдықты салтанатты қарсы алуға
дайындалу мен өткізу жөніндегі 2000 жылға арналған
негізгі іс-шаралардың
Жоспары

| N | Іс-шаралардың атауы | Іске асыру нысаны | Атқарылуы үшін жауаптылар | Іске асыру мерзім. дері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Президенттің Жаңа жылдық Балын ұйымдастыру | Шешім | Астана қаласының әкімі | 2000 жылдың қаңтары |
| 2 | Париж қаласында өтетін "Миссия 2000" парламенттердің жоғары және төменгі палаталары төрағаларының халықаралық конференциясына қатысу | Ұсыныс | Қазақстанда үшінші мыңжылдықты салтанатты қарсы алуға дайындалу мен өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия | 2000 жылдың наурызы |
| 3 | Тбилиси қаласында өтетін "XXI ғасырдағы әлем мәдениеті үшін" халықаралық жастар конгресіне қатысу | Бұйрық | Мәдениетақпаратмині | 2000 жылдың II тоқсаны |
| 4 | Нью-Йорк қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының "Мыңжылдық саммитінің" жұмысына қатысу | Ұсыныс | СІМ | 2000 жылдың қыр. күйегі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Мәскеу қаласында өтетін ха. лықаралық кітап жәрменкесі. нің жұмысына қатысу | Бұйрық | Мәдениетақпаратмині | 2000 жылдың қазаны |
| 6 | Мәскеу қаласында өтетін "ТМД елдерінің жастары XXI ғасыр табалдырығында" конгресіне қатысу | Бұйрық | Мәдениетақпаратмині | 2000 жылдың III тоқсаны |
| 7 | Лондондағы "Millenium DOM" көрме орталығына Қазақстан Республикасынан экспонаттар ұсыну | Ұсыныс | СІМ, Мәдениетақпарат. мині, Энергетикасауда. мині, Ғылымбіліммині, Көлікмині | 2000 жылдың желтоқ. саны |
| 8 | "3-мыңжылдық аллеясы" респ-к акциясының ауқымында ағаштар отырғызуды жалғастыру | Шешім | Облыстар, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | Жыл ішінде |
| 9 | 2000 жылдың 31 желтоқсанынан 2001 жылдың 1 қаңтарына қа. раған түні туған нәрселерге ескерткіш сыйлықтар мен кә. десыйлар тапсыруды ұйымдас. тыру | Шешім | Облыстар, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | Жыл ішінде |
| 10 | 100 жасқа толған және асқан адамдарға ескерткіш кәде. сыйлар тапсыруды ұйымдастыру | Шешім | Облыстар, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | Жыл ішінде |
| 11 | Ганновер қаласындағы (Герма. ния) "ЭКСПО-2000" дүниежү. зілік көрмесін өткізуге қа. тысу | Ұсыныс | Қазақстан Республика. сының "ЭКСПО-2000" дү. ниежүзілік көрмесіне экспозициялар дайындау және қатысу жөніндегі ұйымдастыру комитеті | 2000 жылдың III тоқсаны |
| 12 | Мельбурн қаласында (Австра. лия) өтетін Олимпиада - | Үкімет. тің | Спорт және туризм жө. ніндегі агенттік | 2000 жылдың |

|   |2000-ға қатысу              |қаулысы|                    |  III  |
|  |                            |       |                    |тоқсаны|
|___|________________________________|________|________________________|________|

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК